



**МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА  
КАНДИДАТТЫҢ, ОНЫҢ СЕҢІМ  
БІЛДІРІЛГЕН АДАМДАРЫНЫҢ САЙЛАУ  
ТУРАЛЫ НЕ БІЛУІ ҚАЖЕТ**

**ЧТО НЕОБХОДИМО ЗНАТЬ  
КАНДИДАТУ В ДЕПУТАТЫ  
МАСЛИХАТА, ЕГО ДОВЕРЕННЫМ  
ЛИЦАМ О ВЫБОРАХ**

**Астана 2007**



---

---

## **МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТЫҢ, ОНЫҢ СЕΝІМ БІЛДІРІЛГЕН АДАМДАРЫНЫҢ САЙЛАУ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУІ ҚАЖЕТ**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабының 2-және 3-тармақтарына, 86-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі – Сайлау туралы заң) сәйкес Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған және белсенді сайлау құқығына ие азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Республика азаматы бір мәслихаттың ғана депутаты бола алады.

Сайлауға сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар қатыспайды.

Сотталғандығы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам мәслихат депутаттығына кандидат бола алмайды.

### **Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну**

Сайлау тағайындалған кезде өзгеше белгіленбесе, мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсыну сайлау күнінен екі ай бұрын басталып, сайлау күніне бір ай қалғанда аяқталады.

Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсынууды белгіленген тәртіп бойынша тіркелген республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелері және өзін-өзі ұсыну жолымен азаматтар жүзеге асырады.

Республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктердің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсынууы олардың жоғары органдары арқылы, әрбір кандидат дауысқа түсетін сайлау округін көрсете отырып, жүргізіледі. Қоғамдық бірлестіктердің осы қоғамдық бірлестіктің мүшесі болып табылмайтын адамдарды депутаттыққа кандидат етіп ұсынуға құқығы жоқ. Қоғамдық бірлестік не оның құрылымдық бөлімшесі әрбір сайлау округінде мәслихат депутаттығына бір ғана кандидат ұсына алады. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну туралы шешім республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктің, оның құрылымдық

бөлімшесінің жоғары органы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді.

Республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органының шешімі:

- 1) ұсынылған кандидаттың назарына жеткізіледі;
- 2) кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен бірге тиісті округтік сайлау комиссиясына жіберіледі.

Азаматтардың мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсынуы өзін-өзі ұсыну тәртібімен тиісті округтік сайлау комиссиясына осы аумақтық сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына кандидат болып дауысқа түсу ниеті туралы өтініш беру жолымен жүргізіледі.

Ешкім біреуден артық сайлау округінде кандидат болып ұсыныла алмайды.

Егер кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні тиісті сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы тиісті округтік сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша кандидаттар ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартады.

Округтік сайлау комиссиясы үш күн ішінде кандидаттың Конституция мен Сайлау туралы заңда оған қойылған талаптарға сәйкестігін анықтайды.

## **Мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу**

Мәслихат депутаттығына кандидатты тіркеу, егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау күнінен екі ай бұрын басталып, сайлау күніне жиырма бес күн қалғанда аяқталады.

Мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу Сайлау туралы заңның 104-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда, кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұған дейін тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді (Сайлау туралы заңның 104-бабы, 6-т.).

Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешім күшінің жойылуына қоғамдық бірлестік немесе кандидаттың өзі аумақтық сайлау комиссиясына немесе сотқа жеті күн мерзім ішінде шағым бере алады. Бұл ретте аумақтық сайлау комиссиясы немесе сот шағым берілген күннен бастап жеті күн мерзім ішінде шешім шығарады (104-бап 7-т.).

Егер кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні тиісті сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы тиісті округтік сайлау комиссиясының

ұсынуы бойынша кандидаттар ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартады (103-бап 7-т.).

## **Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың сенім білдірілген адамдары**

Мәслихат депутаттығына кандидаттардың өздеріне сайлау науқанын жүргізуге көмектесетін, сайлау алдындағы үгітті жүргізетін, кандидаттардың мүдделерін білдіретін сенім білдірілген адамдары болуына құқылы.

Мәслихат депутаттығына кандидаттар сенім білдірілген адамдарын өздерінің қалаулары бойынша тиісті сайлау округіндегі әр сайлау учаскесіне үш адамнан аспайтын санда анықтайды және оларды тіркеу үшін тиісті сайлау комиссиясына хабарлайды.

Кандидат сенім білдірілген адамдар ретінде ұсынған адамдар тиісті сайлау комиссиясына өзінің сенім білдірілген адам болуға келіскені туралы өтініш береді.

Сайлау комиссиясы сенім білдірілген адамдарды тіркегеннен кейін оларға тиісті куәліктер береді.

Сенім білдірілген адам Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс, ол қандай да бір сайлау комиссиясының мүшесі, саяси мемлекеттік қызметші лауазымындағы адам болмауға тиіс.

Саяси мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімі Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы № 317 Жарлығымен бекітілген.

Сенім білдірілген адамдар кандидаттың өздеріне жазбаша түрде берген өкілеттіктері шегінде әрекет етеді.

## **Кандидатурасын алып тастау, мәслихат депутаттығына кандидат ретінде ұсыну туралы шешімнің күшін жою**

Мәслихат депутаттығына кандидат тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанға дейінгі кезеңде округтік сайлау комиссиясына бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып, өз кандидатурасын қайтып ала алады.

Республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестіктің, қоғамдық бірлестіктің құрылымдық бөлімшесінің жоғары органы тіркеуге дейінгі және одан кейінгі уақытта округтік сайлау комиссиясына тиісті ұсыным беріп, мәслихат депутаттығына кандидат ұсыну туралы шешімнің күшін жоя алады.

Бұл жағдайларда округтік сайлау комиссиясы кандидатты тіркемейді немесе кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Егер кандидатурасын алып тастау немесе кандидатты ұсыну туралы шешімнің күшін жою осыған мәжбүр ететін себептерсіз жүргізілген болса, онда округтік сайлау комиссиясы сайлау науқанын өткізуге республикалық бюджеттен жұмсалған қаражаттың бір бөлігін кандидаттың немесе оны ұсынған тиісті қоғамдық бірлестіктің есебіне жатқызуға хақылы.

## **Сайлау алдындағы үгіт және мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың сайлау алдындағы бағдарламасы туралы**

Сайлау алдындағы үгіт кандидаттар тіркелген мерзім аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Сайлау алдындағы үгіт - сайлаушылардың белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет.

Шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) демеп жіберетін қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады.

Сайлау алдындағы үгіт:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;
- 2) сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен кездесулерді, сайлау алдындағы жария пікір таластар мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және заңнамада белгіленген тәртіппен және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңында тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды), сондай-ақ кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізу жолымен;
- 3) баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен жүзеге асырылады.

Мыналарға:

- 1) мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде олардың лауазымды адамдарына;
- 2) қарулы күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілеріне, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьяларға;

- 3) сайлау комиссияларының мүшелеріне;
- 4) діни бірлестіктерге сайлау алдындағы үгітті жүргізуге, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

Кандидаттар не олардың сенім білдірген адамдары болып тіркелген журналистердің, бұқаралық ақпарат құралдары редакциялары лауазымды адамдарының сайлауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетуге қатысуына құқығы жоқ.

Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары болып табылатын мәслихаттар депутаттығына кандидаттарға өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалануға тыйым салынады.

Мыналар:

- 1) бағынышты немесе басқа да қызмет жағынан тәуелді адамдарды, аталған адамдар кандидаттың сенім білдірілген адамдары ретінде үгітті жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тарту;
- 2) кандидаттың сайлануына септігін тигізетін қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар орналасқан үй-жайларды пайдалану, егер өзге кандидаттарға аталған үй-жайларды осындай шарттармен пайдалануға кепілдік берілмесе, лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалану деп ұғынылады.

Сайлау алдындағы жөнсіз үгітті жүргізуге тыйым салынады. Сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, соның ішінде безендірілген материалдарды, сондай-ақ омырауға тағатын белгілерді, жалауларды, жалаушаларды тегін таратуды қоспағанда, сайлаушыларға тегін немесе жеңілдік шарттарымен тауарлар, бағалы қағаздар беріп, қызметтер көрсету, сондай-ақ лотереялар, қайырымдылық акцияларын өткізу, ақша төлеу не осындайларға уәде беру арқылы сайлау алдындағы үгітті жүргізу сайлау алдындағы жөнсіз үгіт деп саналады.

Сайлау тағайындалған кезден бастап, кандидаттарға, сондай-ақ олардың атынан немесе оларды қолдап кез келген жеке және заңды тұлғаларға, ойын-сауық және спорттық іс-шараларын ұйымдастыруды қоспағанда, қайырымдылық іс-шараларын өткізуге тыйым салынады.

Кандидаттың, сондай-ақ олардың сенім білдірген адамдарының жоғарыда аталған ережелерді бұзуы кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға әкеп соғады.

Сайлау туралы заңға сәйкес белгіленген тіркеу мерзімі аяқталған кезден бастап, үгіт науқаны аяқталғанға дейін кандидаттардың, партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың өздерінің сайлау алдындағы бағдарламаларын баспасөзде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында үгіттеуге және насихаттауға құқығы бар.

Кандидаттардың сайлау алдындағы үгіт жүргізуі үшін бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізуінің тең жағдайларына кепілдік беріледі:

- мемлекет кандидаттарға өз бағдарламаларымен бұқаралық ақпарат құралдарына шығуы үшін бірдей қаражат бөлінуіне кепілдік береді. Әрбір кандидаттың телевизиядан он бес минуттық сөз сөйлеуіне, радиодан он минуттық сөз сөйлеуіне, сондай-ақ баспа басылымдарында 0,1 баспа табақтан аспайтын көлемде екі мақала жариялауына қаражат беріледі;
- бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген кандидаттарға шарттық негізде эфир уақытын, баспасөз бетінен орын береді. Бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беру туралы шарттың талаптары белгілі бір кандидатқа, саяси партияға артықшылық туғызбауға тиіс;
- бұқаралық ақпарат құралы кандидаттардың біріне эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бөлуге берген келісімі басқа да кандидаттарға эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бөлуге келісім беруі болып табылады;
- кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарына шығу кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретімен не, егер өтініштер бір мезгілде келіп түссе, жеребе бойынша белгіленеді;
- кандидаттардың телевизия мен радиода сөйлеп жатқан сөздерін бөлуге және сөйлеген сөздеріне іле-шала, сондай-ақ баспа басылымдарындағы сөздеріне сол нөмірде түсініктеме жасауға тыйым салынады.

Тиісті сайлау комиссиялары кандидаттарға плакаттар, листовкалар, ұрандар мен өзге де үгіттік баспа материалдарын басып шығару үшін бірдей мөлшерде ақша бөледі. Барлық үгіттік баспа материалдарында сол материалдарды шығарған ұйым, олардың басылған жері мен таралымы, тапсырыс жасаған тұлғалар, қандай қаражаттан төленгендігі туралы мәліметтер болуға тиіс.

Үгіттік баспа материалдарын Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде дайындауға, анонимдік үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

Жергілікті атқарушы органдар тиісті сайлау комиссияларымен бірлесіп барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілейді және оларды стендтермен, такталармен, тұғырлықтармен жарактандырады. Үгіттік баспа материалдары барлық кандидаттар үшін тең құқықтар қамтамасыз ететін жағдайда орналастырылады.

Кандидаттар үгіттік баспа материалдарын тиісті объект иесінің рұқсатымен өзге де орындарда іліп қоюға құқылы.

Үгіт материалдарын ескерткіштерге, ескерткіш тұғырларға, тарихи, мәдени немесе сәулеттік құндылығы бар үйлер мен ғимараттарға, сондай-ақ дауыс беруге арналған үй-жайларға іліп қоюға тыйым салынады. Сайлау комиссиясының үй-жайы мен дауыс беруге арналған үй-жайда кандидаттың фотосуретімен және Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мәліметтердің стандартты жиынтығымен, бір нысанда кандидаттар туралы ақпарат орналастырылады.

Кандидаттар өз сайлау қорларының қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарына шығуға, сайлау алдындағы жария іс-шараларды өткізуге, қосымша үгіт материалдарын шығаруға байланысты шығындарды төлеуге, сондай-ақ көлік және іссапар шығыстарының орнын толтыруға құқылы. Бұл мақсаттарға кез келген басқа көздерден өзге ақша тартуға, сайлау науқаны барысында кандидаттар пайдаланатын, кандидаттардың сайлау қорлары қаражатынан ақысы төленбеген жеке және заңды тұлғалардың кез келген тауарын, жұмысы мен қызметін қабылдауға, аталған жеке және заңды тұлғаларға осы қызметтердің көрсетілгені үшін кандидат тарапынан жәрдемнің кез келген түріне тыйым салынады.

Депутаттыққа кандидаттар өзінің болашақ қызметінің сайлау алдындағы бағдарламасын баяндайды. Сайлау алдындағы бағдарламада Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құралымдар құру идеялары уағыздалмауға тиіс.

Аталған талаптар бұзылған жағдайда, тиісті сайлау комиссиясы кандидатты тіркеуден бас тартуға, ал кандидат сайлау алдындағы бағдарламаны тіркелгеннен кейін ұсынған жағдайда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға құқылы.

Сайлау болатын күні және оның қарсаңындағы күні кез келген үгітке тыйым салынады.

## **Мәслихаттар депутаттарының сайлауын мемлекеттік қаржыландыру**

Республикалық бюджет қаражатынан:

- 1) сайлау комиссияларын ұйымдастыру мен оның қызметіне, үй-жайды жалға алуға, іссапар шығыстарына, консультанттарға, сарапшыларға еңбек ақы төлеуге;

- 2) Сайлау туралы заңға сәйкес кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөздеріне;
- 3) Сайлау туралы заңның 28-бабының 4- және 5-тармақтарына сәйкес жүргізілетін кандидаттардың сайлау алдындағы жария іс-шараларын өткізуге және кандидаттардың үгіт материалдарын шығаруға;
- 4) кандидаттардың Ортсайлауком белгілеген мөлшерде көлікке жұмсаған шығындары жабылады.

Халықаралық ұйымдар мен халықаралық қоғамдық бірлестіктер, шетелдік мемлекеттік органдар, шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар тарапынан Республикадағы сайлауды қаржыландыруға, олардың қандай болсын тікелей немесе жанама түрде Республикадағы сайлауды қаржыландыруға қатысуына тыйым салынады.

### **Сайлауды мемлекеттік емес қаржыландыру**

Мәслихаттар депутаттарын сайлауда кандидаттардың сайлау алдындағы үгітін мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың сайлау қоры қаражатынан қаржыландыруға болады.

Кандидаттардың сайлау қорларын тіркеу тәртібін Әділет министрі айқындайды.

Сайлау қорларына заңды жолмен алынған қаражат қана беріледі.

Мәслихат депутаттығына кандидаттың сайлау қорына жолдануы мүмкін ақшалай қаражаттың белгіленген шекті мөлшері:

- 1) кандидаттың жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен жүз еседен аспайтын жеке қаражатынан;
- 2) кандидатқа оны ұсынған қоғамдық бірлестік бөлген, жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен екі жүз еседен аспайтын қаражаттан;
- 3) Республика азаматтары мен ұйымдарының жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен үш жүз еседен аспайтын ерікті қайырымалдықтарынан құралады.

Белгіленген мөлшерден артық түскен ақша қаражаты сайлау қорына есептеуге жатқызылмайды және оларды қосқан азаматтар мен ұйымдарға қайтарылып беріледі. Бұл ретте аталған қаражатты қайтаруға байланысты шығыстар оларды енгізген азаматтар мен ұйымдар есебінен жабылады. Дерегі жоқ қайырымалдықтар республикалық бюджет кірісіне енгізіледі.

Сайлау қорын құрайтын ақша қаражаты мәслихат депутаттығына кандидат тіркелгеннен кейін тиісті сайлау комиссиясы банк мекемелерінде ашатын арнаулы уақытша шотқа түсіріледі. Аталған шот бойынша кіріс есептелмейді және төленбейді. Сайлау қорының қаражатына иелік ету құқығы тек қана кандидатқа беріледі. Сайлау қорларының қаражатын жұмсау тәртібі Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 7 тамыздағы № 19/122 қаулысымен айқындалған.

Кандидат өз кандидатурасын алып тастаған немесе кандидатты тіркеу туралы шешімнің күші жойылған жағдайда, сайлау қорына түскен ақша қаражаты оны қосқан азаматтар мен ұйымдарға дереу қайтарылуға жатады. Бұл ретте аталған қаражатты қайтаруға байланысты шығыстар оларды енгізген азаматтар мен ұйымдар есебінен жабылады.

Арнаулы уақытша шоттар бойынша барлық қаржылық операциялар, оның ішінде жеке және заңды тұлғалармен есеп айырысулар, міндетті аударымдар, салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер сайлаудың алдындағы күні сағат 18-де тоқтатылады.

Сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін бес күннен кешіктірмей кандидат тиісті сайлау комиссиясына өз сайлау қорының қаражатын пайдаланғаны жөнінде есеп беруге міндетті. Сайлау қорының сайлау науқаны мақсаттарына жұмсалмай қалған ақшалай қаражатының үштен екісі республикалық бюджетке жіберіледі, ал үштен бірі мәслихат депутаттығына кандидатқа қайтарылады.

Мәслихат депутаттығына кандидаттың осы бөлім ережелерін, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясы белгілеген сайлау қорлары қаражатын жұмсау тәртібін бұзуы – кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға, ал сайлау өткізілгеннен кейін кандидаттың мәслихат депутаты ретінде тіркелгеніне дейін тиісті аумақ бойынша сайлауды жарамсыз деп тануға әкеп соғады.

## **Мәслихат депутаттығына кандидаттардың сайлау науқаны барысындағы қызметінің кепілдіктері**

Мәслихат депутаттығына кандидаттар тіркелген күнінен бастап сайлау қорытындысы жарияланғанға дейін жұмыстан, әскери қызметтен және әскери жиындардан босатылуға құқылы. Кандидаттардың сайлауға қатысқан уақыты тіркелген күнге дейін оның жұмыс істеген мамандығы бойынша еңбек өтіліне есептеледі.

Мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркелген күнінен бастап және сайлау қорытындылары жарияланғанға дейін олардың келісімінсіз жұмысынан босатуға, басқа жұмысқа немесе лауазымға ауыстыруға, сондай-ақ іссапарларға жіберуге не әскери жиындарға шақыруға болмайды.

## **Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық**

Тұлға Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңдарын бұзғаны үшін заңдармен белгіленген қылмыстық, әкімшілік және өзге де жауаптылықта болады<sup>1</sup>.

*Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясы*

---

<sup>1</sup> Жаднамада «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының ережелері, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қаулылары пайдаланылды.

---

---

## **ЧТО НЕОБХОДИМО ЗНАТЬ КАНДИДАТУ В ДЕПУТАТЫ МАСЛИХАТА, ЕГО ДОВЕРЕННЫМ ЛИЦАМ О ВЫБОРАХ**

В соответствии с пунктами 2 и 3 статьи 33, пунктом 3 статьи 86 Конституции Республики Казахстан и Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Закон о выборах) депутатом маслихата может быть гражданин Республики Казахстан, достигший двадцати лет и обладающий активным избирательным правом. Гражданин Республики может быть депутатом только одного маслихата.

В выборах не участвуют граждане, признанные судом недееспособными, а также содержащиеся в местах лишения свободы по приговору суда.

Не может быть кандидатом в депутаты маслихата лицо, имеющее судимость, которая не погашена или не снята в установленном законом порядке.

### **Выдвижение кандидатов в депутаты маслихатов**

Выдвижение кандидатов в депутаты маслихата начинается за два месяца и заканчивается за один месяц до дня выборов, если иное не установлено при назначении выборов.

Выдвижение кандидатов в депутаты маслихатов производится республиканскими или местными общественными объединениями, зарегистрированными в установленном порядке, а также их структурными подразделениями и гражданами - путем самовыдвижения.

Выдвижение кандидатов в депутаты маслихата республиканскими или местными общественными объединениями, их структурными подразделениями производится их высшими органами с указанием избирательного округа, в котором будет баллотироваться каждый кандидат. Общественные объединения не вправе выдвигать кандидатами в депутаты лиц, не являющихся членами данного общественного объединения. Общественное объединение либо его структурное подразделение может выдвигать в каждом избирательном округе только одного кандидата в депутаты маслихата. Решение о выдвижении кандидатов в депутаты

маслихатов принимается большинством голосов от общего числа членов высшего органа республиканского или местного общественного объединения, его структурного подразделения и оформляется выпиской из протокола.

Решение высшего органа общественного объединения:

- 1) доводится до сведения выдвинутого кандидата;
- 2) вместе с заявлением кандидата о согласии баллотироваться направляется в соответствующую окружную избирательную комиссию.

Выдвижение кандидатов в депутаты маслихата гражданами производится в порядке самовыдвижения путем подачи в соответствующую окружную избирательную комиссию заявления о намерении баллотироваться кандидатом в депутаты маслихата по данному территориальному избирательному округу.

Никто не может быть выдвинут кандидатом более чем в одном избирательном округе.

В случае если на день окончания срока регистрации кандидатов по соответствующему избирательному округу зарегистрировано менее двух кандидатов в депутаты маслихата, территориальная избирательная комиссия по представлению соответствующей окружной избирательной комиссии предлагает срок выдвижения кандидатов не более чем на двадцать дней.

Окружная избирательная комиссия в течение трех дней устанавливает соответствие кандидата предъявляемым к нему Конституцией и Законом о выборах требованиям.

## **Регистрация кандидатов в депутаты маслихата**

Регистрация кандидата в депутаты маслихата начинается за два месяца и заканчивается за двадцать пять дней до дня выборов, если иное не установлено при назначении выборов.

Регистрация кандидатов в депутаты маслихата осуществляется в соответствии со статьей 104 Закона о выборах.

Отмена решения о регистрации кандидата или восстановление ранее снятого с регистрации кандидата за два дня до дня голосования не допускается (п. 6 ст. 104 Закона о выборах).

Отказ в регистрации кандидата или отмена решения о регистрации могут быть в семидневный срок обжалованы общественным объединением или самим кандидатом в территориальную избирательную комиссию или в суд. При этом территориальная избирательная комиссия или суд выносят по жалобе решение в семидневный срок со дня подачи жалобы (п. 7 ст. 104).

В случае если на день окончания срока регистрации кандидатов по соответствующему избирательному округу зарегистрировано менее двух кандидатов в депутаты маслихата, территориальная избирательная комиссия по представлению соответствующей окружной избирательной комиссии продлевает срок выдвижения кандидатов не более чем на двадцать дней (п. 7 ст. 103).

### **Доверенные лица кандидатов в депутаты маслихатов**

Кандидаты в депутаты маслихата вправе иметь доверенных лиц, которые помогают им в проведении избирательной кампании, ведут предвыборную агитацию, представляют интересы кандидатов.

Кандидаты в депутаты маслихата определяют доверенных лиц по своему усмотрению в количестве, не превышающем трех человек на каждый избирательный участок в соответствующем избирательном округе и сообщают о них для регистрации в соответствующую избирательную комиссию.

Лица, предлагаемые кандидатом в качестве доверенных лиц, представляют в соответствующую избирательную комиссию заявление о своем согласии быть доверенным лицом.

Избирательная комиссия после регистрации доверенных лиц выдает им соответствующие удостоверения.

Доверенное лицо должно быть гражданином Республики Казахстан, не может быть членом какой бы то ни было избирательной комиссии, лицом, занимающим должность политического государственного служащего.

Реестр должностей политических государственных служащих утвержден Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 1999 года № 317.

Доверенные лица действуют в пределах полномочий, предоставленных им в письменной форме кандидатом.

### **Снятие кандидатуры, отмена решения о выдвижении кандидатом в депутаты маслихата**

Кандидат в депутаты маслихата в период со дня регистрации и за два дня до голосования может снять свою кандидатуру, обратившись с письменным заявлением об этом в окружную избирательную комиссию.

Высший орган республиканского или местного общественного объединения, структурного подразделения общественного объединения в период до регистрации и после нее может отменить свое решение

о выдвижении кандидата в депутаты маслихата, обратившись с соответствующим представлением в окружную избирательную комиссию.

В этих случаях окружная избирательная комиссия не производит регистрацию кандидата либо отменяет решение о регистрации кандидата.

Если снятие кандидатуры или отмена решения о выдвижении кандидата были произведены без вынуждающих к тому обстоятельств, окружная избирательная комиссия вправе отнести на счет кандидата либо соответственно выдвинувшего его общественного объединения часть понесенных из средств республиканского бюджета расходов на проведение избирательной кампании.

### **О предвыборной агитации и предвыборной программе кандидатов в депутаты маслихатов**

Предвыборная агитация начинается с момента окончания срока регистрации кандидатов и заканчивается в ноль часов по местному времени дня, предшествующего дню выборов.

Предвыборная агитация - деятельность, имеющая целью побудить избирателей принять участие в голосовании за или против того или иного кандидата.

Иностранцам, лицам без гражданства, иностранным юридическим лицам и международным организациям запрещается осуществлять деятельность, препятствующую и (или) способствующую выдвижению и избранию кандидатов, достижению определенного результата на выборах.

Предвыборная агитация осуществляется:

- 1) через средства массовой информации;
- 2) путем проведения публичных предвыборных мероприятий (предвыборных собраний и встреч с избирателями, публичных предвыборных дебатов и дискуссий, митингов, шествий, демонстраций и иных предвыборных мероприятий в порядке, установленном законодательством, и не запрещенных Конституционным законом «О выборах в Республике Казахстан»), а также личных встреч кандидатов и их доверенных лиц с избирателями;
- 3) путем выпуска и (или) распространения печатных, аудиовизуальных и иных агитационных материалов.

Запрещается проводить предвыборную агитацию, распространять любые агитационные предвыборные материалы:

- 1) государственным органам, органам местного самоуправления, а также их должностным лицам при исполнении служебных обязанностей;
- 2) военнослужащим Вооруженных сил, других войск и воинских формирований, работникам органов национальной безопасности, правоохранительных органов и судьям;
- 3) членам избирательных комиссий;
- 4) религиозным объединениям.

Журналисты, должностные лица редакций средств массовой информации, зарегистрированные кандидатами либо их доверенными лицами, не вправе участвовать в освещении выборов через средства массовой информации.

Кандидатам в депутаты маслихатов, являющимся должностными лицами государственных органов, запрещается использовать преимущества своего должностного или служебного положения.

Под использованием преимуществ должностного или служебного положения понимается:

- 1) привлечение лиц, находящихся в подчинении или в другой служебной зависимости, к осуществлению предвыборной агитации, за исключением случаев, когда указанные лица осуществляют агитацию в качестве доверенных лиц кандидата;
- 2) использование помещений, занимаемых государственными органами, для осуществления деятельности, способствующей избранию кандидата, если иным кандидатам не гарантировано использование указанных помещений на таких же условиях.

Запрещается проведение ненадлежащей предвыборной агитации. Ненадлежащей предвыборной агитацией считается проведение предвыборной агитации, сопровождаемой предоставлением избирателям бесплатно или на льготных условиях товаров, услуг, ценных бумаг, а также проведением лотерей, благотворительных акций, выплатой денег либо обещанием предоставления таковых, за исключением бесплатной раздачи печатных, в том числе иллюстративных, материалов, а также значков, флагов, флажков, специально изготовленных для избирательной кампании.

С момента назначения выборов кандидатам, а также от их имени или в их поддержку любым физическим и юридическим лицам запрещается проведение благотворительных мероприятий, за исключением организации зрелищных и спортивных мероприятий.

Нарушение кандидатом, а также их доверенными лицами вышеуказанных правил, влечет за собой отмену решения о регистрации кандидата.

С момента окончания срока регистрации, установленного в соответствии с Законом о выборах, и до окончания агитационной кампании, кандидаты имеют право на агитацию и пропаганду своей предвыборной программы в печати и других средствах массовой информации.

Кандидатам гарантируются равные условия доступа к средствам массовой информации для проведения предвыборной агитации:

- государство гарантирует кандидатам равное выделение средств для выступления со своими программами в средствах массовой информации. Каждому кандидату предоставляются средства на пятнадцатиминутное выступление по телевидению, десятиминутное выступление по радио, а также на публикацию в печатных изданиях двух статей в объеме не более 0,1 печатного листа.
- средства массовой информации на договорной основе предоставляют эфирное время, печатную площадь зарегистрированным кандидатам. Условия договора о предоставлении кандидатам эфирного времени, печатной площади в средствах массовой информации не должны создавать преимущества тому или иному кандидату.
- согласие на выделение эфирного времени, печатной площади, данное средством массовой информации одному из кандидатов, является согласием на выделение эфирного времени, печатной площади другим кандидатам.
- очередность выступления кандидатов в средствах массовой информации устанавливается в порядке поступления письменных обращений либо по жребию в случае, если обращения поступили одновременно.
- запрещается прерывать и комментировать выступления кандидатов на телевидении и по радио сразу после выступления, а также в печатных изданиях в том же номере.

Для издания плакатов, листовок, лозунгов и иных агитационных печатных материалов соответствующие избирательные комиссии выделяют кандидатам равную сумму денег. Все агитационные печатные материалы должны содержать сведения об организации, выпустившей данные материалы, месте их печатания и тираже, лицах, сделавших заказ, из каких средств оплачено.

Запрещаются изготовление агитационных печатных материалов за пределами территории Республики Казахстан, распространение анонимных агитационных материалов.

Местные исполнительные органы совместно с соответствующими избирательными комиссиями определяют места для размещения агитационных печатных материалов для всех кандидатов и оснащают их

стендами, щитами, тумбами. Агитационные печатные материалы размещаются на условиях, обеспечивающих равные права для всех кандидатов.

Кандидаты вправе вывешивать агитационные печатные материалы в иных местах с разрешения собственника соответствующего объекта.

Запрещается вывешивание агитационных материалов на памятниках, обелисках, зданиях и сооружениях, имеющих историческую, культурную или архитектурную ценность, а также в помещении для голосования. В помещении избирательной комиссии и помещении для голосования размещается информация о кандидатах в едином формате с фотографией кандидата и стандартным набором сведений, установленных Центризбиркомом.

Кандидаты вправе из средств своих избирательных фондов оплачивать расходы, связанные с выступлениями в средствах массовой информации, проведением публичных предвыборных мероприятий, изданием дополнительных агитационных материалов, а также покрывать транспортные и командировочные расходы. Запрещаются привлечение в этих целях иных денег из других источников, принятие любых не оплаченных из средств избирательных фондов кандидатов товаров, работ и услуг физических и юридических лиц, используемых кандидатом в ходе избирательной кампании, оказание указанным физическим и юридическим лицам любого содействия со стороны кандидата за предоставление этих услуг.

Кандидаты в депутаты выступают с предвыборной Программой своей будущей деятельности. Предвыборная программа не должна провозглашать идеи насильственного изменения конституционного строя, нарушения целостности Республики, подрыва безопасности государства, разжигания социальной, расовой, национальной, религиозной, сословной и родовой розни, культ жестокости и насилия, а также создание не предусмотренных законодательством военизированных формирований.

В случае нарушения названных требований соответствующая избирательная комиссия вправе отказать кандидату в регистрации, а в случае выдвижения кандидатом такой предвыборной программы после регистрации - отменить решение о регистрации кандидата.

В день выборов и предшествующий ему день любая предвыборная агитация запрещается.

## **Государственное финансирование выборов депутатов маслихатов**

Из средств республиканского бюджета покрываются расходы на:

- 1) организацию и деятельность избирательных комиссий, аренду помещений, командировочные расходы, оплату труда консультантов, экспертов;

- 2) выступления кандидатов в средствах массовой информации в соответствии с Законом о выборах;
- 3) проведение публичных предвыборных мероприятий кандидатов и выпуск агитационных материалов кандидатов, производимые в соответствии с пунктами 4 и 5 статьи 28 Закона о выборах;
- 4) транспортные расходы кандидатов в размерах, устанавливаемых Центризбиркомом.

Финансирование выборов в Республике со стороны международных организаций и международных общественных объединений, зарубежных государственных органов, иностранных юридических лиц и граждан, а также лиц без гражданства, какое бы то ни было прямое или косвенное их участие в финансировании выборов в Республике запрещаются.

### **Негосударственное финансирование выборов**

Предвыборная агитация кандидатов на выборах депутатов маслихатов может финансироваться из средств избирательного фонда кандидатов в депутаты маслихатов.

Порядок регистрации избирательных фондов кандидатов определяется Министром юстиции.

В избирательные фонды могут быть направлены только средства, полученные законным путем.

Предельный размер денежных средств, который может быть направлен в избирательный фонд кандидата в депутаты маслихата, составляют:

- 1) собственные средства кандидата, общая сумма которых не должна превышать установленный законодательством Республики Казахстан размер минимальной заработной платы более чем в сто раз;
- 2) средства, выделенные кандидату выдвинувшим его общественным объединением, общая сумма которых не должна превышать установленный законодательством Республики Казахстан размер минимальной заработной платы более чем в двести раз;
- 3) добровольные пожертвования граждан и организаций Республики Казахстан, общая сумма которых не должна превышать установленный законодательством Республики Казахстан размер минимальной заработной платы более чем в триста раз.

Денежные средства, поступившие сверх установленного размера, зачислению в избирательные фонды не подлежат и возвращаются внесшим их гражданам и организациям. При этом расходы, связанные с возвратом

указанных средств, покрываются за счет внесших их граждан и организаций. Анонимные пожертвования обращаются в доход республиканского бюджета.

Денежные средства, образующие избирательный фонд, зачисляются на специальный временный счет, открываемый в банковских учреждениях соответствующей избирательной комиссией после регистрации кандидата в депутаты маслихата. Доходы по указанному счету не начисляются и не выплачиваются. Право распоряжения средствами избирательного фонда принадлежит исключительно кандидату. Порядок расходования средств избирательных фондов определен постановлением Центральной избирательной комиссий Республики Казахстан от 7 августа 1999 года № 19/122.

В случае снятия кандидатом своей кандидатуры или отмены решения о выдвижении кандидата или регистрации кандидата поступившие в избирательный фонд денежные средства подлежат безотлагательному возврату внесшим их гражданам и организациям. При этом расходы, связанные с возвратом указанных средств, покрываются за счет внесших их граждан и организаций.

Все финансовые операции, в том числе расчеты с физическими и юридическими лицами, обязательные отчисления, налоги и другие платежи в бюджет, по специальным временным счетам прекращаются в 18 часов дня, предшествующего дню выборов.

Не позднее пяти дней после установления итогов выборов кандидат обязан представить в соответствующую избирательную комиссию отчет об использовании средств своего избирательного фонда. Две трети денежных средств избирательного фонда, оставшихся неизрасходованными на цели избирательной кампании, направляется в республиканский бюджет, а одна треть - возвращается кандидату в депутаты маслихата.

Нарушение кандидатом в депутаты маслихата правил этого раздела, а также установленного Центризбиркомом порядка расходования средств избирательных фондов влечет за собой отмену решения о регистрации кандидата, а после проведения выборов до регистрации кандидата в депутата маслихата - признание выборов по соответствующему округу недействительными.

### **Гарантии деятельности кандидатов в депутаты маслихата в ходе избирательной кампании**

Кандидаты в депутаты маслихата со дня их регистрации и до опубликования итогов выборов вправе освобождаться от работы, военной службы и военных сборов. Время участия кандидатов в выборах

засчитывается в трудовой стаж по той специальности, по которой он работал до дня регистрации.

Кандидаты в депутаты маслихаты со дня их регистрации и до опубликования итогов выборов не могут быть уволены с работы, переведены на другую работу или должность без их согласия, а также направлены в командировку или призваны на военные сборы.

## **Ответственность за нарушение законодательства Республики Казахстан о выборах**

Лицо несет установленную законами уголовную, административную и иную ответственность за нарушение законодательства Республики Казахстан о выборах <sup>1</sup>.

***Центральная избирательная комиссия  
Республики Казахстан***

---

<sup>1</sup> В Памятке использованы положения статей Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», постановления Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан

## ДЛЯ ЗАМЕТОК

---

## ДЛЯ ЗАМЕТОК

---

Баспаға 11.06.2007 ж. жіберілді.  
Қалыбы 60 x 80  $\frac{1}{16}$ . Басылымы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».  
Шартты баспа табағы 1,39. Есептік баспа табағы 1,8.  
Таралымы 288 800 дана. Тапсырыс № 3290.  
Астана қаласы, «Жарқын Ко» ЖШС, Абай даңғылы 121 А.

---

Подписано к печати 11.06.2007 г.  
Формат 60 x 80  $\frac{1}{16}$ . Печать офсетная. Шрифт «Таймс».  
Усл. печ. листов - 1,39. Учетно-издательских листов 1,8.  
Тираж 288 800 экз. Заказ № 3290.  
г. Астана, ТОО «Жарқын Ко», пр. Абая 121 А.